


**Ақын, түркітанушы,  
аудармашы,  
сыншы, филология  
ғылымдарының  
докторы, профессор  
Асқар Құрмашұлы  
Егеубаевтың  
туғанына - 70 жыл**


**1950-2006**

*Сүю үшін елін жерін тасында  
Ұғу үшін кәрісін де жасын да,  
Болу керек өз жүрегім өз сөзім,  
Болу керек өз ақылым басымда.*

*Асқар Егеубай*



**Егеубаев Асқар Құрмашұлы:**  
**Биобиблиографиялық көрсеткіш. – Алматы:**  
**Орталық ғылыми кітапхана, 2007. – 176 б.**



**Алаштың Асқары. Мақала,**  
**өлең, естелік. - Алматы: Арда, 2008. –**  
**352 б.**

94



# БІЗДІҢ Элита НАША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## ЕГЕУБАЕВ АСҚАР ҚҰРМАШҰЛЫ (1950-2006)



ЖУРНАЛИСТИКА  
ФАКУЛЬТЕТІ

Көрнекті әдебиет зерттеушісі, аударманы, ақын, филология ғылымдарының докторы (1999), профессор (2004) Асқар Құрмашұлы Егеубаев 1950 жылдың 6 наурызында Шығыс Қазақстан облысы, Куршань ауданы, Қыстау-Құршан ауылында дүниеге келген. 1974 жылы қазаірі ол Фараби Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін қызыл дипломмен бітірген.

Ол алтын рет XI ғасырдың баға жетпес әдеби казынасы Жүсіп Баласағұнның «Құтатқу білігі» (1986, 2006) пен Махмұт Қашқаридің «Дивани-лұғат-ас-түркі» (1997-1998) шығармаларын тікелей қазақ тіліне аударған. Дәл осы уақытқа дейін филология ғылымында мұндай ауыз тоқтарып айтарлықтай жағдай болмаған. 1986 жылғы Жетісайда оқығанын бойп бұл аудармалар қалғы сыпқа алынп, ұлттық сана-сезімді қалыптастырға, қазақстың өз тағдырын ол пешуге жеткізетін өте қауіпті түрті деп есептеледі.

«Құтатқу білігі» қазақша нұсқасы жарық көргенге дейін оқырмандар шынайы мөгіімен ғылым зерттеуші, сын және үйп-үйп тарақпаленген ырыс, түрік, ұйғыр, өзбек тілдері арқылы ғана таныстүгін. Қазақ оқырмандары тоғыз жүз жыл бойы ұлы бабаларының шығармаларын өз ана тілінде оқи алмай келгенді. Ал сөзі тонай түртіпін Махмұт Қашқаридің эпиграммалық сөздігіне көлер болсақ, оны өзек елдеріндегі түркі тілдлер арасында Қазақстанда алған рет ҚазУ-дың түлектері аударды. Бұл шығарма әлемдік әдебиет тарихында үндің «Нантвантра», славонның «Златоструй», орыстардың «Златостр» және «Домострой», ағылшынның «Mingot of prices», немістің «Fargstenpigel» сияқты тарих-әдеби ескерткіштерінен ешбір кем саналмаған. «Құтатқу білігі» поэмасын ертедегі қытай ғалымдары «Парасат бұлағы» десе, үндіде «Ұлы мөлелесте камоориясы», Шығыс елдерінде «Патша білігінін кереметтігі», ал Иранда «Шахтардың түрістік кітабы» деп атаған.

А. Егеубаев аударма жұмысына тарихшы, әдебиетші, тіл маманы, этнограф ретінде ғана емес, ірі кәсіби маман ретінде көлді. Сонымен қатар тарақпаленген келіде қазақшаланатын, ойының айқын да алғыр сөздігін, зерттеу жұмысына деген табандылығын таныта білді. Ресейдің ең ірі шығыстанушысы, академик А.Н. Кононов М. Қашқаридің еңбегі жайында «XI ғасырдағы түркі халқы өмірінен мағлұмат беретін бір ғана ақпарат көзі болып саналды» деген пікірі өте орынды айтылған. А. Егеубаев түпнұсқа текстің де араб қарпі беріп, одан соң латынның транскрипциялық сөзін ұсынды. Қазақ өрнінің транскрипциясы алған рет ана тіліміздің фонетикалық негізінде толық жүреті асырғуды біртегі ғылым бағаға ие болғандығын көрсетеді. Қазақ ғалымының комментарийінде ғылымдық білімнің дербестігін айтыпанын өзінде шығарманың түпнұсқасында қырықтан астам түркі халықтарының тілдері сақталған.

А. Егеубаевтың «Кісілік кітабы» (1998), «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі» (1999), «Құлабы» (2000), «Түркі топонимикасының алтын дәуірі» (2002) кітаптарында қазақ және түркі әдебиеті байланысы жан-жақты ашылған. Ғалымның ежелгі түркі және қазақ әдебиетінің қанатты сөздер, мақалдар мен мотелдер, дәстүрлі шешендік сөзсайыстары, тарихи өндер, жырлар, эпостық дастандардың жанрлық біркестілігі жайында келтірілген айқарты

Біздің элита Наша элита. 1-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 488 б.

070  
2-25



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

С.Әділбеков, Д.Баймолда, С.Қозыбаев

## ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТЕРІ

Оқу құралы

Алматы, 2010

### §1. Асқар Егеубаев – публицист, ақын, ғалым, сыншы

Сөз өнері – қатпары мен қалтарысы көп сырлы да, сиқырлы өнер. Сөзбен күлдіріп немесе мұнайтып, көңіл толқынын тербеп өтуге болады. Кәзіргі біздің зерттеушілер мен ғалымдардың пікіріне, түйініне қарағанда, публицистика тамыры тым тереңдерден бастау алады. Тілдің, жазу-сығудың, сонан соң барып мерзімді баспасөздің пайда болуы – публицистика жолының жүріп өткен кедір, бұдыр сорабы. Осынау түрлі-түрлі кезеңдерде публицистер дәлел мен дәйек келтіріп, ой қорытып, сөз кестелеп, көсем сөз керуенін бүгінгі біздің дәуірімізге жеткізді. ХХІ ғасырда электрондық құралдарды пайдалана отырып, адамзат баласы публицистиканың одан ары құлаш ұруына мүмкіндік туғызды. Бұл дегеніміз – әлем жұртшылығының бір-бірімен ақпарат алмасып, ой бөлісуі. Әлемдік ақпарат тасқынының жан жағымыздан жоңкіюі – жаһандану деген жойқын күштің негізгі белгілерінің бірі. Осы жаһандану тасқынында суга кетіп қалмас үшін не істеу керек екендігін біздің публицистеріміз әрқашан еске салып, ескертіп келеді. Солардың ішінде, қазақ қаламгерлерінің арасында өз қолтаңбасымен көрінген көрнекті ақын, әдебиеттанушы-ғалым, аудармашы, филология ғылымдарының докторы, публицист Асқар Егеубаевтың орны ерекше. Өйткені ол әдебиеттің бір саласына ғана емес бірнеше арнасына қалам тартқан қарымды қаламгер. Біз бүгін «сегіз қырлы бір сырлы» қаламгердің тек бір ғана қырына публицистикасына тоқталмақпыз.

Асқар Құрмашұлы Егеубаев 1950 жылы 6-наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының орталығында дүниеге келген. 1974 жылы кәзіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін үздік бітіріп, аспирантурасында оқыған. Зайсан ауданындағы Үлкен Қаратал мектебінде мұғалім, Марқакөл аудандық «Шамшырақ», Жайсаң аудандық «Достық» газеттерінде, «Қазақстан коммунисті» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болған. Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының аппаратында, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында жауапты қызметтер атқарған. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткен.

Қаламгер Асқар Егеубаев еліміздің әлеуметтік және мәдени дамуына қосқан үлкен үлесі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Құрмет» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Ол Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Жастар мен студенттердің бүкіл дүниежүзілік ХІІ фестивалінің лауреаты, Түркі дүниесі поэзиясы фестивалінің, Халықаралық Жамбыл қоры сыйлығының, Махамбет атындағы сыйлықтың иегері. Сонау алмағайып заманда өмір сүрмегенмен

4

кенестік жүйе мен тәуелсіз Қазақстан танып қатар көрген Асқар Егеубаев әмбебап қаламгер атанды. Бұл жөнінде қаламдас серігі Жүрсін Ерман: «Әмбебаптардың заманы өтіп кеткенін әбден жақсы білетін Асқар, әмбебап болуға талпынды. Соған сай сөз өнерінің бірнеше шыңын бағындырды. Ол – ақын, ғалым, сыншы, публицист тұғыры» – деп жазды.

Асқар Егеубаевтың алғашқы өлеңдері мен мақалалары мерзімді баспасөз беттерінде 1964 жылдан жарық көрді. Сол кездерден бастап поэзия, әдеби сын, журналистика салаларындағы жүйелі түрде ізденістерінің арқасында, талантты туындыларын үбей жариялап тұрды. Аса талантты ақын, білікті әдебиетші, сырышыл сыншы ретінде елге ерте танылды.

### 1. 1. Асқар Егеубаев публицистикасындағы тарихи тұғалар

Өткен ғасырдың соңғы жылдары қазақ халқы тарихында алтын әріппен жазылған кезең. Сол бір айтулы кезеңде еліміз өз тәуелсіздігін жариялады. Ол ұлты мен ұрпағы үшін сүйемдей жерге сүйегін берген, ақиқатты ханға да, қараға да ақұрып айтқан, бар шындықты бүкпесіз шынбайға батырып жеткізген ақын, батыр бабаларымыздың қиы замандардағы қиын жағдайларға жасымай өз ұрпағына аманат еткен мұрт елі мен жомарт жерінің егемендігі еді. Таңірге тәубе, бабаларымыздың қаншама жылдар бойы аңсап, жете алмай кеткен арманына кейінгі ұрпақ жетті. Олар үшін еліміздің тәуелсіздігі қасқалдақтын қаныдай, қарлығаштың жанындай қымбат. Еліміз егемендігін жариялаған күнінен бастап өзінің сан ғасырлық төл тарихының тереніне бойлап, жоғалтқанын түгендеп, қол ұзіп қалған құнды жәдігерлерімізді қалпына келтіріп, қайта қауышып жатыр.

Кешегі қысқыр заманның қыспағынан ұмыт болып қалған діліміз бен діліміздің, туған тіліміздің құнды қасиеттерін қайта жаңғыртып, халқымызбен табыстырып, саналы салтымиз бен дәулетті дәстүрімізді, әдемі әдеттеріміз бен ғұйратты ғұрыптарымызды сақтай отырып, өркеніет өрісінде кен қанат жайып келеміз. Қазақстанның өркеніетті елдермен терезе теңестіріп, өсіп өркендеуіне сапхалы саясаткерлер мен көрнекті қоғам қайраткерлерінің, әр саланың білікті мамандары мен білімді ғалымдардың, қалам ұстаған қарымды қаламгер қауымының қосқан үлесі зор.

Әр дәуірдің өз перзентіне арқалатар ауыр жүгі бар. Өз заманының жүгін қуатты қаламымен абыройлы атқарған белді де белгілі публицистерінің бірі – Асқар Егеубаев. Ол жөнінде академик Серік Қирабаев: «Жан-жақтылы деген де үлкен қасиет. Бойына берген қабілетті дұрыс пайдалану-ол өзінің өзін сыйлау деген сөз. Сондай тәрбиелі, сыпайы мінезді, өзін-өзі ұстай білетін таланттың бірі - Асқар Егеубаев. Асқар ақындығымен танылып, әдеби сынмен тұғаланып, көне әдеби жәдігерлерді аудару және зерттеу арқылы қалам қайраткер дәрежесіне көтерілген шығармашылық несі» – деп баға берген. Баспасөздегі әуелгі қадамдарын сын саласында бастаған ол – шынмен де көп қырлы талант.

5

Қазақ публицистері: Оқу құралы / С.Әділбеков, Д.Баймолда, С.Қозыбаев.  
- Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 4-39 б.

*«Ұрпақ қолынан заманалар бойы түспейтін  
Жүсіп Баласағұн мен Махмұт Қашқаридың  
еңбектерін қазақшалап, әрі ғалым, әрі  
ақын Асқар Егеубай үлкен ерлікке пара-пар  
жұмыс жасаған. Ұлттық тіл, ұлттық  
мәдениетті ілгерілету ісінде мынадай  
кітаптардың жарық көруі үлкен олжа»*

*Ш.Елеуқенов*



**Аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған ақын, сыншы, филология ғылымдарының кандидаты Асқар Құрмашұлы ЕҒЕУБАЙ**


**Махмұт Кашқари.**

**Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. - Алматы: ХАНТ, 1997.**

**Т. 1. – Алматы, 1997. – 592 б.**

**Т. 2. – Алматы, 1997. – 528 б.**

**Т. 3. – Алматы, 1998. – 600 б.**



**Аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған ақын, сыншы, филология ғылымдарының докторы Асқар Құрмашұлы ЕГЕУБАЙ**

**Қашқари М.**


**Түрік сөздігі / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда, 2017.**

**1-том. – Алматы, 2017. - 592 б.**

**2-том. – Алматы, 2017. - 528 б.**

**3-том. – Алматы, 2017. - 600 б.**






**Көне түркі тілінен аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазған Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, ақын Асқар Егеубаев**


**Баласағұн Жүсіп. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.**

**«Қазақ мәдениетінің, әдебиетінің  
топырағы бір бастау арнасы –  
ежелгі түркі дәуіріндегі өркениет  
мұралары»**

*Асқар Егеубаев*




**Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Ауд. Аскар Егеубаев. – Астана: Аударма, 2003. – 128 б.**




**Егеубай Аскар. Жүсіп Баласағұн: Роман-эссе. – Алматы: Арда, 2005. – 312 б.**




Егеубай А. Жусуп Баласагуни:  
Роман-эссе / Перевод с каз. языка  
Б. Джилкибаева. – Алматы: Раритет,  
2011. – 320 с. – Серия «Алтын қор».



Егеубай А. Жусуп Баласагуни: Роман-  
эссе / Егеубай, Аскар; Перевод с каз.  
Б. Джилкибаева. – Алматы: Раритет, 2013. –  
400 с.



**Егеубай Асқар. Таңдамалы шығармалар жинағы: Үш томдық. 1-том. Өлеңдер мен толғау, балладалары. – Алматы: Өлке, 2005. – 384 б.**




**Егеубай А. Тайқазан: Дастандар мен өлеңдер. - Астана, 2003. - 288 б.**

*«Асқар Егеубайдың “Құлабыз” кітабының шоқтығы биік. “Құлабыз” кітабы қалың оқырман қауымды түркі әлеміне, оның тарихи-мәдени кеңістігіне тура жол бастап тұр»*


*Ғарифолла Есім*




Егеубай А. Құлабыз: Монография. - Алматы: Жазушы, 2001. – 216 б.



Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 б.



**Егеубай А. Таңдамалы шығармалар жинағы: Үш томдық. 1-том. Өлеңдер мен толғау, балладалары. – Алматы: Өлке, 2005. – 384 б.**




**Егеубай А. Таңдамалы шығармалар жинағы: Үш томдық. 2-том, Поэма, дастандар. – Алматы: Өлке, 2006. – 272 б.**






Егеубаев А. Құс жолы. Өлеңдер мен балладалар.  
– Алматы: Жалын, 1982. – 120 б.




Егеубаев А. Мөлдiр тұма. Поэма мен  
өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1977. – 72 б.



Егеубаев А. Жүректегі жұлдыздар: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1979. – 72 б.



Егеубаев А. Сыр мен сымбат. (Қазіргі қазақ поэзиясы туралы толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1981. – 224 б.




Егеубаев А. Сөз жүйесі: сын кітабы. – Алматы: Жазушы, 1985. - 272 б.

*“Аламан” қазақ поэзиясындағы соңғы жылдардағы өзгеше шоқтықты, өзгеше өміршең дастан. Көркемдік зер мен ойшылдықтың, оқиғаларды халық тағдырына өзектей өрбіте толғаудың жақсы бір шабытты көрінісі...*

*Сондықтан “Аламан” дастаны соңғы жылдар поэзиясындағы үздік туындылардың қатарында бағаланды.*


*Зәки Ахметов*




Егеубаев А. Аламан: дастандар. – Алматы: Тұлға, 1996. – 212 б.




Егеубаев А. Аламан: поэма. - Алматы, 2000. – 32 б.




Егеубаев А. Әділет...: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1990. – 240 б.




Егеубай А. XX ғасырдың екі сағаты: өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Атамұра, 2005. – 176 б.



**Егеубаев А.К. Движение: стихи, поэма.  
Пер. с каз. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. – 128 с.**



**Егеубаев А. Желтое настроение:  
стихотворения / Пер. с каз. М. Исенова. –  
Алматы: Общественный фонд «Мусагет»,  
2008. – 84 с.**



## АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

ұшырауында, ең алдымен зиялы деген адамдарымыздың сөзі мен ісінің арасындағы үйлесімдіктің жоқтығында жатыр.

Мемлекеттің ірге тасының мықты болуы оның мыңдаған, миллиондаған азаматтарының жеке тұлғалық, жасампаздық қасиетіне тәуелді.

Сөз соңында мен мынаны айтқым келеді. Зиялылардың міндеті – билікке ұмтылу, билікті иемдену емес, биліктегілердің қимыл-әрекетіне көңіл аудару, таразылап, баға беріп отыру. Басқаша айтқанда, саясаткерлердің, басқарушы топтың оппоненті, сарапшысы, бірақ “бақталасы” да, сондай-ақ тірегі де емес. Саясаткерлердің жүргізіп отырған бағытының өмірге, қоғамдық мүддеге сәйкестігін анықтаушы, сол арқылы қоғамдық жарасымдылыққа, ұлттық тұтастыққа үндеуші. Бүгінгі, күн өткен сайын күрделілене түскен қоғамдық қатынастар жағдайында, зиялылар – қоғамдық шындықты ешқандай да өсірелуісіз, дәл басып айтып, оны орнықтырудың түрлі балама жолдарын ұсынып, қоғамдағы үйлесімділікке жол салушы.

*Асқар Егеубай*

### ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ҰЛАН АСУ, ҰЛЫ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ (Асан Қайғы мен Абай. Трагедия философиясы)

Абайдың “Отыз тоғызыншы сөзі” мынадай толғамдармен басталады: “Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірілеп тастап келеміз, өлгі екі мінезін біржолата жоғалтып алдық” [1]. Ол қандай екі мінез. Оның бірі – ел билеу, екіншісі – ұлттық намыс. “Бас-басына би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаныз бар болса, жанған отқа күймессің”, – деп екі тізгін, бір шылбырды берген соң, бұрынғылар жақсылығын асырамын, жамандығын жасырамын деп тырысады екен. Өзім деп сенеді екен. Соған сай игі-жақсылары да көп азбайды екен, бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесіз болмаса, ел-жұртының қамын жемей, тіршілігін түгелдемегенде қайтеді! Екіншісі – намысқорлық. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа

24

қарамайды екен, жанын салысады екен. “Ағайынның азары болса да, безері болмайды”. “Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар” дегетін көрінеді.

Тағы да осы ойларын: “Қаныкей, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырмалық. Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күлестік, не тыншы отыра алмағандық”, – деп түйіндейді ақын. Абай сөзінің тарихи алғышарты да, уақыты да бұл ойдың неге туындағанын жақсы аңғарта алады. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қауымының ел жағдайы ойшылды ойландырмай қалмады. Билік азды, қазақ халқының өзі айтқан “екі тізгін, бір шылбыр” жаттың қолына көшті. “Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады” дегеннің кері келді. Тізгіні жаттың қолында, тірлігі түйе қомында, аттың жалында қалған жұрт қайтіп елдік күрсын, салтанат түзсін, намыс қусын.

Елдік билік, ұлттық намыс. Абай қарасөзінің бір тармағы ғана.

Бір Абай шығармаларында ғана емес, XIX ғасырдың талай-талай ірі ойшылдары мен қалам иелерінің арнайы тоқталған, өз ел-жұртының түрлі тарихи ахуалын саралай отырып ой өрбіткен мәселесі. Ел дегенде тіл ұшына жұрт, ұлт оралады. Жұртсыз, халықсыз ел болмақ емес. Ұлттық тұғыры, негізі жоқ елдің елдігі де жоқ. Ел жамыраған жұрттың шоғыры ғана болса, сол жұрттың қандай ұлттың намысын жыртып, қандай ұлттың қасиеттерін сақтайды, қандай ұлттың тәуелсіздігін қорғайды?! Кімді қорғайды, неге қорғайды, неден қорғайды?! Кім не үшін күресіп отыр, не үшін күреседі? Ұлттық ұясы жоқ елдің ұйтқысы не болар еді? Біртуар ұлттық жаратылысын, ұлттық тарихын түйсінген жұрт қана өзінің елдік құрылымын бекіте алады. Ұлттық тарихи санасы берік жұрттың ғана елдігі мәртебелі, өрісті, өркенді. Тарихтан мөлiм: “Бір ұлт – бір мемлекет” көзқарасы қолайлы, өрине. Бірақ мысырлық ықылымнан, шумерлік шындықтан бері ондай біртекті нәсілді мемлекет болған емес. Қырық құрам жұрты бар елдердің бір ұлттың атымен аталатындығы, бір ұлттық идеяны ұстанатындығы, бір ұранмен шығатыны тарихи ақиқат. Жақсылы-жамандық сияп, белгілері болатыны да белгілі. Дін салалары, саяси-азаматтық түрлі ағымдар мен бағыттар туралы өңімі көп. Адамзат өркениетінің дінінен ертеректегі халықтарын да елдік, мемлекеттілік мәселесі ойландырған. Дәл бүгінгі толып жатқан күрделі сұрақтар сонда да сөз болған (Конфуций, Платон, Аристотель). “Шөксіз

25

**Абай және ұлттық идея: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / Құрастырғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. - Алматы: М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер институтының компьютерлік баспа орталығы, 2005. – 24-36 б.**



894.342.09  
К-19



## ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

Асқар Есубай

### Абайтанудың жаңа ғасыры

“Ол 1845 жылы (жылан жылы) туып, 1904 жылы (қоян жылы) қайтыс болды”.

“Абай он төрт жасында сықақ өлеңдер шығарды”.

“Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді...”

“Ол он бес жасында қазақ руларының арасында беделі зор, 1822 жылы Сібір қазақтарының басқару ережесіне сай монополиялық күшке ие болған сұлтан тұқымдарымен саяси-билік тартысына түскен өз әкесінің қасына еріп ел ісіне араласалды”.

Абайтанудың бастауында тұрған, алғаш ғылыми тұжырым түйген, халық атынан баға берген Әлихан Бөкейханов осыдан бір ғасыр бұрынғы Семейде жариялатқан азала сөзінде осылай дейді.

Арада жеті-сегіз жыл өткенде Ахмет Байтұрсынұв “Қазақтың бас ақыны” деп жария етті.

Содан бес жыл өткенде “Абай” журналында Екеудің “Абайдың онері мен қызметі” туралы толғамдары басылды. Жүсіпбек Аймауытов пен Мұқтар Әуезовтың – екеудің – Абайға көзқарасы.

Нағыз Абайтанудың мектебі, Абай сөзін ұстанудың дәстүрі осылайша жүз жылдан бері қазақ танымының бесігінің басында тұр. Бір ғасырлық рухани дәстүр.

Абайдың сөзімен қанаттанып, Абайдың сөзімен ауызданған қазақ жұртында ақынның бір ауыз сөзін білмейтіні жоқ. Қазақ еліндегі еңбектеген бала Абай сөзін естиді, еңкейген қария күніне құрығанда бір рет Абай сөзін ойға түсіреді, құрығанда Абай нақылдан ауызға алады. Ұлттың университеті, Алаштың академиясы! Ақылдың кені Абай! Абайтану туралы сөз қозғағанда, біз ақынтанудың осынау халықтық дәстүрін де білуіміз, қадірін түсінуіміз керек. Қазіргі ақпараттық қарым-қатынас үдеп тұрған, ғарыштық алыс жердегі хабар-ошар қас-қағымда жедел жетіп тұрған тұста дүниеде, қала берді қазақ ішінде осыншама кеңінен танылып, әр сөзі әр түгіннің төрінде тұнған ақын

жоқ! Ақындық сөзі енді ондай мәртебелі биікке көтеріліп, рухани биліктің туына айналуды екіталай шығар.



Абай сол биікке жетті, ұлтының ұлы да ұлағатты сөзіне айналды.

Төрт жылдық медреседе оқу тоқып, үш ай орыс мектебінде дәріс тыңдап, өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, бозбала шағында жастығына қарамай, билер заманының өткеніне қарамастан, ел-жұрты би сайлаған Абай. Ресми құжат, деректерді салыстыра тізгін тартсақ, қазақ даласындағы Рухани биліктің басы, Билердің соңы, соңғы Би. Жаңа әдебиеттің Басы!

Жаңа ғасырдың төртінші жылы ортамызда аталып, еске алып отырған күннің межелі ерекшелігі де бар. Абайтануға жүз жыл толды. Абайтанудың жаңа ғасыры туды. Әрине, зерттеушілік зердеге жүгінсек Абайтану ақынның көзі тірісінде-ақ, өлеңі ел аузына тараған, әртүрлі нұсқамен ескілікті жарияланымдардың бетінде жарық көре бастаған он тоғызыншы ғасырдың соңына қарай, он-жиырма жыл бұрын басталса керек-ті. Одан да тиянақтылыққа зейін беріп, ден қойсақ, сықақ өлеңдері белгілі болған он төрт жасынан да, билікке араласып, би атанған, қалың қауым сөзіне ұйыған жиырма жасынан да басталар еді. Және соның қай-қайсысы да ақиқат шындық болмақ. Қазіргі қазақ, бүгінгі қауым ұлттың екінші бір ұлы перзенті Әлихан Бөкейхановтың өйгілі азала сөзіндегі парасатты баға, кесімді ойларға үйге бейім. Оның үстіне ашығын айтсақ, Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұвтың ақын ағаларына берген ресми бағасы, саналы сипаттама-сы кейінгі жүз жыл ішіндегі Абай туралы сөздің өзегіне айналды. Олардың ізін баса шыққан Екеу де солардың көзқарасынан ұлттық нәр тартты, ой тарқатты. Сол алыптар ортасына Мұқтар Әуезов Абайтанудың берік негізін қалап берді.

Аттарын атаса да, атамаса да берідегі қалам ұстаған зиялылар осы үш-төрт арыстың ойынан ой өрбітіп, сол арыстардың сөзіне тоқтап отырғандай. Осы екі тарихи мақала ақынның тұлғасын да, жан-дүние тынысын да тайға таңба басқандай қазақтың қалп айтпайтын мінезімен саралап берген. Абайтанудың алғашқы кезеңінде көрінген аумалы-төкпелі пікірлер мен бізге жақсы таныс әдеби де, саяси да мәні бар тартыстардың астарында сол алғашқы абайтанушылар көзқарасына қатысты туындаған қайшылықтар жатқан-ды. Алыптардың өзімен алысып, сөзімен жарысқан бір кез еді. Ол бүгін де ешкімге жұмбақ емес. Әлихан, Ахмет, Жүсіпбек көздері кеткен, сөздері


Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / Құраст. С.Қорабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 51-77 б.




**Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т. 17. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 380 б.**



**Арман қанатында: жас талап жазушылардың әңгімелер жинағы. - Алматы: Жалын, 1978. 7-кітап / құраст. А. Егеубаев. - 1988. - 240 б.**



**Өтемісұлы Махамбет. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 1-том. Өлендері мен күйлері / құрастырғандар: Ахметов З.А., Егеубаев А. Раев Қ.М. – Алматы: Ғылым, 2003. – 448 б.**



Қазақ әдебиетінің тарихы. XIX ғасырдың екінші жартысы (1800-1850). Он томдық. – 4-том / Жалпы редакциясын басқарған – филол.ғ.д., профессор А.Егеубаев. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 438 б.



Қазақ әдебиетінің тарихы. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). Он томдық. – 5-том / Жалпы редакциясын басқарған – филол.ғ.д., профессор А.Егеубаев. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. - 555 б.

*«Жан-жақтылық деген үлкен қасиет.  
Бойыңа берген қасиетті дұрыс пайдалану –  
ол өзіңді - өзің сыйлау деген сөз. Асқар  
ақындығымен танылып, әдеби сынымен  
тұлғаланып, көне әдеби жәдігерлерді  
аудару және зерттеу арқылы қалам  
қайраткері дәрежесіне көтерілген  
шығармашылық иесі»*

*С.Қирабаев*